

«М.Тынышпаев атындағы Қазақ  
көлік және коммуникациялар  
академиясының  
Ақтау көлік колледжі» ЖШС



ТОО «Актауский транспортный  
колледж Казахской академии  
транспорта и коммуникаций  
им.М.Тынышпаева»

**БҰЙРЫҚ**

№ 204 НК

**ПРИКАЗ**

«29» 08 2024ж.

**13.10.2022 ж. №87/1 ӨҚ бұйрыққа  
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 566 бұйрығына сәйкес, Индустриялық кеңес құрамын құру туралы 13.10.2022 ж. №87/1 ӨҚ бұйрығына өзгерістер енгізілсін:

1. ИК төрағасы - «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы «Батыс» бас инженері Жақанов Қарақат Исағұлұлы;
2. ИК төрағаның орынбасары – «М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі» ЖШС директоры Н.Д. Бертаев;
3. ИК мүшесі – «Каскор-Транссервис» Өндіріс және тасымалдау процесі жөніндегі директоры Кочербаев Абдықадыр Абдуллаевич;
4. ИК мүшесі – «КазМоторСервис» ЖШС директоры Р.Б.Аленов;
5. ИК мүшесі – «Вираз-Сервис Казахстан» ЖШС басшысы М.К.Көмекбаев;
6. ИК мүшесі- Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары Б.Б. Аманиязов;
7. ИК мүшесі – белсенді ата-ана Улкебаев Дауренбек Оңалсынович;
8. ИК мүшесі – 07160600 «Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығының ЭиЖТ-9/21-01 тобының 4-курс студенті Сейеубай Айдос Еркінұлы;
9. ИК мүшесі – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Жуманбаева
10. ИК мүшесі – әдістемелік бөлім меңгерушісі А. Кенганова
11. ИК мүшесі – 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығының ТОРА-9/23-01 тобының



## ХАТТАМА № 1

Күні: 29.08.2024ж

Уақыты: 10:30

Өткізу орны: Ақтау көлік колледжі ЖШС

Қатысушылар: Индустриальды кеңес мүшелері, серіктес мекеме өкілдері. Барлығы 20 .

Төрағасы: Жақанов Қ.И.

Хатшысы: Амангелді Т.А

### Мақсаты:

Ақтау көлік колледжінің миссиясы мен 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын талқылау.

### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру бағдарламаларына ұсыныстар енгізу және бекіту
2. Колледж миссиясы, мақсаттары мен міндеттерін таныстыру
3. Ақтау көлік колледжінің 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын талқылау.
4. Өртүрлі мәселелер

### ТЫҢДАЛДЫ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың ОЖЖ орынбасары А.Х Жұманбаева (экс-официо) шығып сөйледі. Ол отырыс қатысушыларына колледждің миссиясы мен миссиядағы мақсаттары міндеттерімен таныстырды.

- Бүгінде Ақтау көлік колледжі Маңғыстау облысындағы қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін дамыған материалдық-техникалық базасы бар жетекші техникалық және білім беру орталығы болып табылады. Ақтау көлік колледжі аймақтағы жалғыз теміржол саласының жетекші техникалық оқу орындарының бірі болып табылады. Ақтау көлік колледжі өз қызметінде орта деңгейдегі мамандарды даярлау саласында айқын, нақты анықталған миссияны құрады.

Ақтау көлік колледжінің миссиясы:

Жоғары деңгейдегі теориялық және практикалық дағдыларға, жоғары жеке қасиеттерге ие және Қазақстан Республикасының жана әлемдегі өндірістік әлеуеті мен экономикасының деңгейін көтере алатын бәсекеге қабілетті орта деңгейдегі мамандарды даярлау.

Колледждің көрінісі: Ақтау көлік колледжі - білім берудің нақты жүйесі, ашық ақпараттық ортасы және қазіргі заманғы инфрақұрылымы бар студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, еңбек нарығында жана технологиялармен жұмыс істеу дағдылары мен білімі бар еңбек нарығындағы кәсіби мамандар. Колледждің миссиясы біздің ұйымның аймақтың әлеуметтік-экономикалық және білім беру кеңістігіндегі орны мен рөлін білдіреді, өйткені бүгінгі нарық жағдайында жоғары теориялық және практикалық дағдылары бар, жоғары жеке қасиеттерге ие, өздерінің білімдері мен дағдыларын өмір бойы бәсекеге және дамытуға қабілетті мамандар қажет. Серіктес мекеме өкілдері ұсыныстары болса айтыңыздар.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша колледж директоры Бертаев Н.Д (экс-официо) шығып сөйледі. Ол қатысушыларға Ақтау көлік колледжінің 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын таныстырды.

-Стратегиялық жоспар - колледж дамуының кешенді жоспары, 2023-2027 жылдар кезеңінде колледждің алға қойылған мақсатына жетуге арналған. Стратегияны әзірлеу кезінде негізгі өндірісті дамыту және жана қуаттылықты енгізу есепке алынып, аймақ

экономикасын дамыту үрдісі және еңбек нарығының білікті кадрларға қажеттілігі ескерілді. Стратегиялық жоспар ҚР оқу ағарту министрлігінің болшаққа бағдарына сәйкес жасақталды. Келешекке жоспар жасауымыз арқылы айқын нәтижеге жетуге болады. Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру үшін келесі стратегиялық бағыттар анықталған:

- 1 Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету
- инновациялық білім беру жүйесін дамыту;
- көлік және логистика салалары үшін бәсекеге қабілетті, тәжірибелік бағытталған мамандарды даярлау;
- «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасына қатысу;
- білім беру қызметі сапасын бақылаудың заманауи механизмдерін қолдану білім беру бағдарламаларын жасақтау, (оқу-өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, рейтинг, мемлекеттік аттестаттау, институционалдық және мамандандырылған аккредитация).

Колледждің мақсаты ТЖБ мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бағдарламаларын дамыту саласында заманауи қоғам және әлеуетті жұмыс берушінің еңбек нарығы қажеттілігін қанағаттандыратын деңгейге жету. Кадрларды сапалы даярлау ғылым және техниканың соңғы жетістіктері, мамандығы бойынша тәжірибе жұмысы дағдыларының болуы, пәнаралық дағдылар, білім алушының кәсіпкерлік, әлеуметтік жауапкершілікті танымын қалыптастыратын заманауи білімді меңгеруінде. Жаңа мамандықтарды ашу қажеттілігі аймақтың экономикасының даму деңгейіне байланысты анықталады.

### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Н.Д.Бертаев – «Ақтау көлік колледжінің» ЖШС директоры ( төраға орынбасары):

Ақтау көлік колледжінің миссиясы мен 2023-2027 жылға арналған стратегиялық жоспарымен таныстық. Толықтай келісеміз. Қазіргі таңда көлік және логистика мамандықтарына сұраныс көп. Сол үшін осы мамандықтар колледжде болашақта дамыту керек деген ұсынысым бар.

М.Көмекбаев - «Виразж-Сервис» ЖШС мекемесінің директоры ( ИК мүшесі):

Колледждің ұстанған бағыты айқын, жүйелі жоспар жасалған. Білім беру бағдарламаларыда жоғары деңгейде жасақталған, өзім басқарып отырған мекеменің басшысы ретінде келісім беруге дайын екенімді мәлімдеймін. Өндіріс орындарындағы жабдықтарға сәйкес теориялық білім жүргізілсе екен деген ұсынысым бар.

### ҚАУЛЫ:

1. 2024-2025 жаңа оқу жылына білім беру бағдарламалары әлеуметтік серіктес мекемелермен келісіліп, жасақталып бекітілсін.
2. 2023-2027 жылдар кезеңінде колледждің стратегиялық жоспарында көрсетілген жұмыстар өз деңгейінде жүргізілсін.
3. Колледждің оқу материалдық базасын нығайту колледж әкімшілігіне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:



Жаканов Қ.И  
Амангелді Т.А